

Балалардың өзін-өзі
тәрбиелеуіне ата-ананың
көмегі.

Ата-аналарға
психологиялық кеңес.

- Балаңыздың үй тапсырмасын өзіңіз орындамаңыз, оған үйге берілген тапсырманың бәрін өзі орындауға міндетті екенін түсіндіріңіз.

- Балалар ақыл айтқанды ұната бермейді. Сондықтан мектепке бара-жатқан

ұл-қыздарыңыздың маңдайынан иіскеп «5» алып келуіне тілектестік білдіріңіз.

- Баламен қарым-қатынаста қаталдау болуға қорықпаңыз, сонда ғана бала өз орнын анықтауға үйренеді.

- Баланы тәрбиелеуде күш көрсетуге жол берілсе, бала оған дағыдыланып кетеді, ал ұсыныстар мен бастамаларыңызды әңгімелесе отырып түсіндіргеніңіз дұрысрақ.

- «Бәрбір менің айтқанымды істейсің»-деген Қоқан-лаққы баланың одан әрі қырсықтана түсуіне әкеп соғады.

- Баланың өз жасынан кіші сезуіне жол бермеңіздер, одан бала жылауық, аяңкез болады.

- Баланың өзінің шамасы келетін істі атқаруға мүмкіндік беріңіздер.

- Бөтен кісілер көзінше баланы тәрбиелеуге тырыспаңыздар. Одан бала өршелене түседі. Одан гөрі қалыпты жағдайда көзбе көз жасалған ескертудің әсері мол.

- Баланың да қателесуіне құқығы бар. Солардан қортынды жасауға, тәжірибе жинауға мүмкіндік беріңіздер.

- **Баланың адалдығына күмән келтіре бермеңіздер, онда бала өтірік айтуға үйренеді.**

- Бала эксперимент жасауға құмар,
сол арқылы өмірді ұғынады,
онымен әрдайым санасыңыздар .

- Баланың ашық сұрақтарынан жалтармаңыздар, онда балада жауапты басқа жақтан, басқа жолмен алатын болады.

- Балаға досыңыздай қараңыз, сонда балаңызда шынайы дос болуға тырысады.

- Баладан талап етпесең бұрын
өзіңізге көз жүгіртіңіз, бала ата-
ананың айнасы екенін
ұмытпаңыз.